



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2021ж. 09.09. № 16-13-6Д/С

Құрметті депутаттар!

Сіздердің азаматтық қорғау саласындағы мәселелерге қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Үкімет пен мүдделі мемлекеттік органдар азаматтық қорғау саласындағы мәселелерді кезең-кезеңмен шешу бойынша кешенді және жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Ағымдағы жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өнеркәсіптік қауіпсіздік, индустриялық аймақтар, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, энергетика, табиғи монополиялар және ішкі істер органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң шеңберінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметті жетілдіруге бағытталған мәселелер шешімін тапты, оның ішінде авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау, кәсіпорындарда өндірістік бақылауды күшейту және т.б.

2022 жылы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтық қорғау қызметкерлерінің, құтқарушылардың дәрежесін және әлеуметтік қорғалуын жақсарту мәселелерін жетілдіруге, ерікті өртке қарсы құрылымдарды дамытуға бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын әзірлеу және Парламентке енгізу жоспарлануда.

Үкіметтің 2021 жылғы 13 мамырдағы № 315 қаулысымен жаңадан құрылатын өртке қарсы инфрақұрылымның объектілері үшін мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің штат санының лимиті 494 бірлікке ұлғайтылды.

2022 жылы Төтенше жағдайлар министрлігінің (бұдан әрі – ТЖМ) штат санын 547 бірлікке қосымша ұлғайту жоспарланған.

ТЖМ аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты мекемелерін материалдық-техникалық жарақтандыру туралы 2021 – 2023 жылдарға арналған жол картасында (ТЖМ мен Қаржыминінің әкімдіктермен келісілген бірлескен бұйрығы) жалпы сомасы 47,9 млрд теңге болатын 731 бірлік өрт-құтқару техникасын, 21362 бірлік өрт-техникалық және авариялық-құтқару жабдықтарын және 9492 бірлік арнайы құралдарды сатып алу көзделген.

Аталған Жол картасын іске асыру өрт-құтқару бөлімшелерінің техникалық қамтамасыз етілу деңгейін 18 %-ға көтеруге мүмкіндік береді.

Елді мекендердің өртке қарсы қорғау инфрақұрылымын дамыту бойынша жүйелі жұмыстар Өрт сөндіру деполары мен құтқару станцияларын басым салу жоспарына (азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның 31.07.2019 ж. № 667 бұйрығы) сәйкес жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта өртке қарсы қызметтің 18 объектісінің құрылысы жүргізілуде, оның ішінде 3 депо – республикалық бюджет қаражаты есебінен, 15 депо – жергілікті бюджет есебінен.

Бұдан басқа, ағымдағы жылғы 24 қыркүйекте Реформалар жөніндегі Жоғары кеңестің отырысында Мемлекет басшысы «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасын мақұлдады, оның шеңберінде 2025 жылға дейін халық пен аумақтарды төтенше жағдайлардан қорғау, азаматтық қорғау күштері мен құралдарының дайындығын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар, оның ішінде өрт сөндіру деполары мен өртке қарсы құралымдарды құру, әуе кемелерін сатып алу көзделген.

Ағымдағы жылғы 28 қыркүйекте Үкімет отырысында Қазақстан Республикасының аумағында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2022 – 2024 жылдарға арналған жол картасының жобасы қаралып, қорытындысы бойынша ТЖМ-ге жобада өрт сөндіру бекеттерін техникамен жабдықтау, ерікті өрт сөндірушілердің әлеуметтік кепілдігі мен жеңілдіктерін жақсарту, пайдалануға берілетін адамдар көп шоғырланатын объектілерде, тұрғын және биік ғимараттарда өрт қауіпсіздігі талаптарын күшейту мәселелерін көздеу тапсырылды.

Азаматтық қорғау саласындағы мәселелер уәкілетті орган мен Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Қосымша: азаматтық қорғау саласындағы мәселелерді шешу жөніндегі шаралар туралы толық ақпарат 11 парақта.

А. Мамин

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты депутаттарының
тізімі:**

Б.С. Орынбеков
Қ.П. Қожамжаров
Ә.Т. Нұралиев
Н.Ж. Бекенов
С.А. Карплюк